

2017 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тіркеуін және медициналық куәландыруын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 50 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қаңтарда № 4022 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке қою мақсатында, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі **ШЕШТІ**:

1. 2017 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесінде (келісім бойынша) тіркеуі және медициналық куәландыруы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Тастеміров

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы

Айыртау ауданының

қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"

Н.Әубәкіров

Республикалық мемлекеттік

мекемесінің бастығы

2016 жыл